


# АҒАЙЫН

Сөзі: Қарабатыр қызын

Әні: Е.Хасанғалиев

Асықпай, әндете

*mp*



Ір - ге бөл - сем а - лаң - дап, сұ - рай - ты - ным а - ғай - ын.  
Да - я - шым боп той - ым - ды, тын - ды - ра - тын а - ғай - ын.



Бір - ге жүр - сем жа - ның - да, сы - най - ты - ным а - ғай - ын.  
Та - ба - шым боп са - ғым - ды, сын - ды - ра - тын а - ғай - ын. А...



А...

Ірге бөлсем алаңдап  
Сұрайтыным ағайын.  
Бірге жүрсем жаныңда,  
Сынайтыным ағайын.  
Даяшым боп тойымды  
Тындыратын ағайын.  
Табашым боп сағымды  
Сындыратын ағайын.

Тозып жүрсем тоныңды  
Бере алмаған ағайын.  
Озып жүрсем оңымды  
Көре алмаған ағайын.  
Жауыма сыр алдырып  
Сүріндірген ағайын.  
Аузыма су тамызып  
Тірілдірген ағайын

Тепкілесем төрінде  
Сыйлайтыным ағайын.  
Өкпелесем өлімге  
Қимайтыным ағайын.